Philological Sciences Journal, 2026, Vol. 15, N.3
https://philological.korkyt.edu.kz

ҒТАМР 17.82.30
DOI https://doi.org/10.52081/PhSJ.2026.v15.i3.084

С.Ә. Жүзеев[a]
E-mail: serik_juzeev@mail.ru

А.Е. Айтбаева[a]
E-mail: aiman_aitbaeva@mail.ru

Г.С. Асқарова[b]
E-mail: gauhar_8@mail.ru

[a]*Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан*
[b]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ НАРРАТИВ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАБЫЛДАУЫНА ӘСЕРІН ЭМПИРИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы нарратив құрылымдардың жоғары оқу орны білім алушыларының әдеби қабылдауына әсері эмпирикалық тұрғыда талданады. Жазушы Сәкен Сыбанбайдың «Ғаламтордағы махаббат» және «Сен қандай тәтті едің, өмір!» атты шығармалары негізінде әзірленген сауалнама Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» білім беру бағдарламасының 108 студентіне жүргізілді.

Зерттеу барысында көркем мәтін құрылымын түсіну, кейіпкермен эмоциялық байланыс орнату, оқуға қызығушылық пен оқу мотивациясы сияқты негізгі факторлар қамтылды. Жинақталған мәліметтер JASP статистикалық бағдарламасы арқылы талданып, факторлық талдау нәтижесінде барлық 25 сұрақ бір фактор ретінде жүктеліп, өлшемнің біртұтастығын растады. Kaiser-Meyer-Olkin (KMO = 0.905) және Bartlett's Test ($\chi^2(300) = 3957.046$, $p < .001$) нәтижелері сауалнама құралының жарамдылығын растады. Скри-плот пен параллельді талдау бір факторлы құрылымның басымдығын анықтады. Алынған зерттеу нәтижелері нарратологиялық әдістерді әдеби білім беру үдерісіне енгізудің маңызын айқындап, студенттердің когнитивтік және эмоциялық қабылдауын арттыруға септігін тигізетінін көрсетті.

Тірек сөздер:

Қазақ прозасы, нарратив құрылым, студент қабылдауы, факторлық талдау, эмоциялық қабылдау, оқуға қызығушылық, әдеби білім.

Сілтеме жасау үшін:

Жүзеев С.Ә., Айтбаева А.Е., Асқарова Г.С. Қазақ прозасындағы нарратив құрылымдардың студенттердің қабылдауына әсерін эмпирикалық талдау // Philological Sciences Journal. – 2026. – Vol. 15. – №3. – С. 34-45.
DOI https://doi.org/10.52081/PhSJ.2026.v15.i3.084

Кіріспе

Қазіргі әдебиеттану ғылымында нарратология бағытындағы зерттеулер көркем мәтінді құрылымдық және семиотикалық тұрғыда талдаудың маңызды әдісі ретінде кең қолданылып келеді. Әдеби шығармалардағы баяндау формалары мен құрылымдық элементтердің оқырман қабылдауына әсерін зерттеу проза жанрында ерекше қажеттілікке ие болып отыр [Genette, 1980].

Нарратология термині баяндау формаларын әдістемелік тұрғыдан талдауды қарастырады. Бұл ұғым зерттеуші П. Рикердің авторлық дәстүрінен бастау алып, баяндау дискурсын «narration» ретінде сипаттайды [Ricoeur, 1997]. Нарратив тек іс-әрекетті баяндау құралы ғана емес, сонымен қатар оқырманға әсер етудің тиімді құралы ретінде қызмет атқарады [Bal, 1997: 12].

Орыс формалистері В. Проп, В. Шкловский, Б. Эйхенбаум және Б. Томашевский сюжеттік (plot) және фабулалық (story) құрылымдарды бөліп қарастыру арқылы көркем мәтіннің логикасын жүйеледі [Tomashevsky, 2017: 23]. Сондай-ақ, Штанцель мен Фюгер және Н. Фридман баяндау тәсілдерінің типологиясын дамытты [Schmid, 2010].

П. Лабов нарратив құрылымын алты компонентке бөледі: кіріспе, оқиға орны мен уақыты, кейіпкерлер мен әрекеттер, себеп-салдар байланысы, баяндаушы көзқарасы және баяндау басында бастапқы жағдайға қайта оралу [Labov, 1972]. Бұл модель бүгінгі таңдағы нарратив зерттеулердің эмпирикалық базасын құрайды.

Сонымен бірге, дискурс ұғымы З. Харристің еңбектерінен бастау алып, XX ғасырда прагматикалық-коммуникативтік құбылыс ретінде әдеби және тілдік зерттеулерде кең таралды [Harris, 2014]. Дискурс мәтіндік құрылым мен әлеуметтік контекст арасындағы өзара әрекетті айқындайды.

Осы теориялық негіздерге сүйене отырып, зерттеу мақаласы қазіргі қазақ прозасындағы нарратив конструкциялардың студенттердің қабылдауына әсерін анықтау мақсатын көздейді. Жазушы Сәкен Сыбанбайдың қысқа прозалық шығармалары негізінде жүргізілетін эмпирикалық талдау білім алушылардың әдебиетке деген эмоциялық және когнитивтік реакцияларын нақты көрсетеді.

Баяндау немесе нарратив тұжырымдамасы – қазіргі ғылымдағы пәнаралық зерттеу объектісі ретінде кең ауқымда қарастырылуда. Әсіресе әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда, сондай-ақ ұйымдастырушылық, білім беру және лингвистика салаларында нарратив теориясы адамның өмірлік тәжірибесін түсіну мен мағына құрудың когнитивтік негізі ретінде айрықша маңызға ие [Davis, 2023: 7]. Бұл тұжырымдаманың әмбебаптығы – шынайы немесе ойдан шығарылған тәжірибелерді реттеп, оларды қабылдаушыға әсер етудің семиотикалық әрі психологиялық механизмдерін қамтуымен түсіндіріледі. Нарратив тек оқиғаны баяндау тәсілі ғана емес, сонымен қатар тыңдарман мен оқырманның эмоциялық-когнитивтік реакциясын қалыптастыру құралы болады [Radbil, 2017].

Зерттеулер нарратив құрылымдардың білім беру саласында, тіл үйретуде және тұлғаның өзін-өзі тану үдерісінде маңызды рөл атқаратынын дәлелдеген. Мысалы, білім алушылардың когнитивтік қабылдау ерекшеліктерін зерттеу барысында әңгімелеу формаларының тиімділігі айқындалып, ол коммуникативтік дағдылар мен сыни ойлауды дамытуға оң ықпал ететіні дәлелденген [Lee, 2023].

Қазақ әдебиетін зерттеуде де нарратология тәсілдері біртіндеп кең қолданыла бастады. Нарратив теориясын қолдану көркем шығармалардың құрылымдық және мәдени-контекстуалдық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік тудырады. Бұл тәсіл ұлттық әдебиеттің жанрлық, тарихи және тілдік дамуын түсінуде теориялық негіз болады. Қазақ прозасындағы баяндау құрылымдары – тарихи-фольклорлық дәстүр мен заманауи авторлық стильдің байланысында қалыптасқан күрделі көркемдік жүйе ретінде қарастырылады [Altybayeva, 2012: 9].

Мысалы, тарихи романдарда қазақ халқының қалыптасу кезеңдері мен отарлық кезең шындықтары көркем баяндау арқылы беріледі. Мұндай мәтіндер ұжымдық жадыны

жаңғырту құралы ретінде де ерекше бағаланады. Ал ондағы нарративтік құрылымдар тарихи фактілер мен көркем қиял арасындағы шекараны ұтымды ұйымдастырып, оқырман санасына ықпал етеді [Лейменова, 2023].

Қазіргі қазақ прозасында мета-баяндау элементтері белсенді пайдаланылуда. Бұл тәсіл оқырманды шығарма мәтініне сын көзімен қарап, авторлық көзқарасты қайта бағамдауға талпындырады. Мета-баяндау – қазіргі әдеби үдерістегі постмодерндік бағыттармен үндес келетін маңызды нарративтік техника [Sametova, Naimanbayev, 2024].

Сондай-ақ, классикалық қазақ романдарында – М. Дулатов, С. Сейфуллин, Б. Майлин сынды қаламгерлер шығармаларында – реалистік баяндау формасы, ағартушылық идеялар және ұлттық мінез көрінісі әдеби жанр ретінде романды қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Бұл кезең әдебиеттану тарихында қазақ прозасының іргетасын қалаған маңызды алтын уақыт ретінде сипатталады [Bysengaly, 2022].

Лингвомәдени нарративтерді зерттеу арқылы қазіргі білім алушылардың жазба мәтіндерінен олардың мәдени көзқарастары, құндылық бағдары мен тілдік дүниетанымы айқындалады. Нарратив бұл тұста когнитивтік модель ретінде қолданылып, жастардың болмысын зерттеу құралына айналады [Жаркынбекова, Анищенко, Логинова, 2024]. Одан бөлек, шетелдегі қазақ диаспорасының медиа-нарративтерінде ұлттық бірегейлікті сақтау және мәдени мұраны жеткізу мәселелері ерекше көрініс табады. Бұл – этникалық біртектілікті ұрпақтар арасында жалғастырудың пәрменді әдісі ретінде қарастырылуда [Gizdatov, 2024].

Нарратология қазақ әдебиетін зерттеудің заманауи әрі теориялық негізделген бағыты ретінде танылуда. Бұл әдіс арқылы әдебиеттегі дәстүр мен инновация, фольклор мен заманауи стиль, ұлттық және ғаламдық дискурс элементтері қатар талданып, қазақ прозасындағы баяндау тәсілдері мен құрылымдарының эволюциясы анық көрінеді. Сонымен бірге, Батыс пен орыс әдеби дәстүрлерінің ықпалы, «дала романтизмі» және ұлттық идеялардың тоғысуы қазақ прозасының бірегейлігін қалыптастырып отырғанын көрсетеді [Жаксыбергенова, 2023].

Әдістеме және зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы қазақ прозасындағы нарратив құрылымдардың білім алушылардың әдеби қабылдауына әсерін эмпирикалық тұрғыда анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын 2–3 курс студенттерінен құралған 108 респонденттен сауалнама алынды. Бұл студенттер қазақ әдебиетін жүйелі түрде оқитын және көркем мәтінге сыни тұрғыда баға бере алатын деңгейде деп саналады.

Сауалнама жазушы Сәкен Сыбанбайдың «Ғаламтордағы махаббат» және «Сен қандай тәтті едің, өмір!» атты прозалық шығармалары негізінде құрастырылды. Құрастырылған сауалнама 25 тұжырымнан тұрады және бес балдық Ликерт шкаласы қолданылды (1 – мүлде келіспеймін, 5 – толықтай келісемін). Берілген сауалнамада студенттердің көркем мәтінді қабылдауы мен түсінуін сипаттайтын бес негізгі фактор қамтылды: нарратив құрылымның түсініктілігі**,** кейіпкерлерді қабылдау**,** оқуға қызығушылық**,** эмоциялық әсер және әдеби рефлексия**.**

Талқылау

Зертеу барысында алынған эмпирикалық нәтижелер қазақ прозасындағы нарратив құрылымдардың білім алушылардың әдеби мәтінді қабылдауына кешенді түрде ерекше әсер ететінін көрсетті. Жүргізілген факторлық талдау барысында сауалнамадағы барлық 25 көрсеткіштің бір ғана факторға жүктелуі білім алушылардың нарратив құрылымды қабылдауы когнитивтік, эмоциялық және мотивациялық компоненттердің өзара бірлікте әрекет ететін интегративті құбылыс екенін нақты дәлелдейді. Бұл алынған нәтиже нарративті

қабылдау процесінің тек мәтінді түсінумен шектелмей, тұлғалық эмоциялық тәжірибе мен оқу мотивациясын да қамтитынын көрсетеді.

Зерттеу жұмысы барысында анықталған жоғары KMO көрсеткіші (0.905) және Bartlett’s Test нәтижесінің статистикалық мәнділігі сауалнама құрылымының ішкі біртұтастығы мен эмпирикалық сенімділігін нақты растады. Бұл қолданылған өлшеу құралының білім алушы студенттердің нарративтік қабылдау ерекшеліктерін нақты анықтауға жарамды екенін көрсетеді. Параллельді талдау мен Scree Plot нәтижелері де сауалнама құрылымының бірөлшемді моделін қуаттап, барлық көрсеткіштердің ортақ психологиялық-концептуалдық конструктіні сипаттайтынын анықтады.

Зерттеудегі алынған нәтижелер халықаралық нарратология және әдеби қабылдау теорияларымен де шынайы үйлеседі. Мысалы, нарратив құрылымдардың оқырман эмоциясына, мәтінді түсінуіне және интерпретациялау қабілетіне әсер ететіні туралы тұжырымдар қазіргі когнитивтік нарратология зерттеулерінде де дәлелденген [Davis, 1972, Radbil, 2017]. Біздің қарастырып отырған зерттеу нәтижелері осы теориялық пайымдарды қазақ әдебиеті материалы негізінде эмпирикалық түрде нақтылай түседі.

Сауалнама көрсеткіштерінің мазмұндық құрылымына сүйене отырып, білім алушы студенттердің әсіресе кейіпкерлермен эмоциялық байланыс орнатуы, шығарманың идеялық мазмұнын баяндау жүйесі арқылы тереңірек түсінуі және әдеби мәтінге қызығушылығының артуы айқын байқалды. Бұл қазақ прозасындағы нарратив құрылымдардың тек эстетикалық категория емес, білім алушылардың рефлексиялық ойлауын, эмоциялық интеллектісін және оқу мотивациясын қалыптастырушы педагогикалық ресурс екенін білдіреді.

Бақылау нәтижелері көрсеткендей, құрылымдық тұрғыдан жүйелі, логикалық ұйымдасқан және эмоционалдық әсері күшті прозалық мәтіндер жоғары оқу орындарында білім алушы студенттердің мәтінді қабылдау деңгейін айтарлықтай арттырады. Әсіресе қазіргі қазақ прозасындағы заманауи тақырыптар мен өмірлік жағдаяттарға құрылған шығармалар білім алушылардың жеке тәжірибесімен ұштасып, олардың мәтінге деген қатынасын күшейтетіні анық байқалды. Бұл көркем мәтінді іріктеу кезінде тек әдеби-көркемдік сапа ғана емес, білім алушы студент аудиториясының жас және психологиялық ерекшеліктері де ескерілуі қажет екенін білдіреді.

Сонымен бірге, зерттеудің нәтижелері әдеби білім беру үдерісінде нарратологиялық талдау әдістерін жүйелі қолданудың қажеттілігін көрсетеді. Себебі нарратив құрылымды саналы талдау білім алушы студенттердің мәтін композициясын, баяндаушы позициясын, кейіпкер психологиясын және авторлық идеяны терең түсінуіне мүмкіндік ұсынады. Бұл өз кезегінде филологиялық даярлықтың сапасын арттырып, әдеби талдау мәдениетін нақты қалыптастырады.

Зерттеу қазақ прозасындағы нарратив құрылымдардың білім алушы студенттердің әдеби қабылдауына әсері жоғары екенін, әрі олардың когнитивтік, эмоциялық және мотивациялық дамуына кешенді ықпал ететінін айқындады. Сол себепті қазіргі әдебиет пәндерін оқытуда нарратологиялық тәсілдерді интеграциялау – болашақ филолог мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді жолдарының бірі болып саналады.

1-ші кестеде білім алушыларға жүргізілген сауалнама құрылымы мен факторлық жіктелімі нақты көрсетілді.

Алынған сауалнама құрылымы мен мазмұнының жарамдылығы Kaiser-Meyer-Olkin (KMO) және Bartlett's Test of Sphericity көмегімен бағаланды. Жоғары KMO көрсеткіші (0.905) деректердің факторлық талдау үшін өте жарамды екенін айғақтайды. Сонымен қатар, Bartlett's тестінің нәтижесі де ($\chi^2(300) = 3957.046$, $p < .001$) факторлық құрылымды анықтауға жеткілікті мөлшерде корреляция бар екенін растады.

Әдістемелік база әдеби мәтінді қабылдаудың когнитивтік, эмоционалдық және мотивациялық компоненттерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер JASP статистикалық бағдарламасы арқылы өңделіп, сипаттамалық және факторлық талдаулар жүргізілді.

1-ші кесте. Білім алушыларға жүргізілген сауалнама құрылымы мен факторлық жіктелімі

	Нарратив құрылымның түсініктілігі
1	«Ғаламтордағы махаббат» шығармасының құрылымын түсіну маған оңай болды.
2	«Сен қандай тәтті едің, өмір!» шығармасының оқиға желісін тез меңгердім.
3	Шығармалардағы оқиғалардың логикасы оқу үдерісін жеңілдетті.
4	Әңгімелердің баяндау стилі шығарманың негізгі идеясын түсінуге көмектесті.
5	Екі шығармадағы оқиға дамуы мен байланыстары анық сезілді.
I	**Кейіпкерлерді қабылдау.**
6	Кейіпкерлердің мінезі мен әрекеттері шынайы берілген.
7	Кейіпкерлердің сезімдері мен ойлары мен үшін түсінікті болды.
8	Шығармалардағы кейіпкерлермен өзімді эмоционалды түрде байланыстыра алдым.
9	Кейіпкерлердің тағдыры мені ойландырды.
10	Кейіпкерлер шығарманың негізгі ойын жеткізуге ықпал етті.
II	**Студенттердің оқуға қызығушылығы.**
11	Бұл шығармаларды оқуға қызығушылықпен кірістім.
12	Әңгімелердің дамуын білуге деген ынтам жоғары болды.
13	Әдеби шығармаларға деген қызығушылығым артты.
14	Қазақ әдебиетін оқуға деген ынтам өсті.
15	Әдеби мәтіндерді оқу әдетім нығая түсті.
Y	**Эмоционалдық қабылдау және рефлексия.**
16	Әңгімелер менің эмоциялық сезімталдығыма әсер етті.
17	Оқу барысында терең эмоциялық әсер алдым.
18	Шығармалар өмірлік құндылықтар туралы ойлауға мәжбүр етті.
19	Әдеби мәтіндерден кейін өз сезімдерімді сараптау қажеттілігі туындады.
20	Оқылған шығармалар менің дүниетанымымды кеңейтті.
	Оқу мотивациясы және оқу дағдылары.
21	Бұл шығармаларды оқу менің әдебиетке деген ынтамды күшейтті.
22	Қазақ әдебиетіне деген қызығушылығым артты.
23	Әдеби мәтіндерді түсіну және талдау дағдыларым жақсарды.
24	Әдеби шығармаларды оқу менің оқу процесіне деген мотивациямды арттырды.
25	Қазақ прозасының қазіргі дамуы маған білім алуда жаңа бағыттар ұсынды.

Нәтижелер

Жүргізілген зерттеу барысында «Қазақ прозасындағы нарратив құрылымдардың студенттердің қабылдауына әсерін» анықтау мақсатында арнайы сауалнама жүргізіліп, 25 сұрақтан тұратын бұл сауалнама Ликерт шкаласына негізделіп жасалды. Жиналған деректер JASP статистикалық бағдарламасы арқылы жан-жақты өңделді (2-ші кесте).

2-ші кесте. Kaiser-Meyer-Olkin (KMO) және өлшеу адекваттылығының нәтижелері

Kaiser-Meyer-Olkin Test		**Kaiser-Meyer-Olkin Test**	
	MSA		MSA
Overall MSA	0.905	Q14	0.919
Q1	0.932	Q15	0.870
Q2	0.899	Q16	0.867
Q3	0.878	Q17	0.897
Q4	0.925	Q18	0.841
Q5	0.900	Q19	0.903
Q6	0.940	Q20	0.953
Q7	0.931	Q21	0.952
Q8	0.879	Q22	0.878
Q9	0.903	Q23	0.904
Q10	0.900	Q24	0.944
Q11	0.887	Q25	0.909
Q12	0.925		
Q13	0.910		

Талдау барысында Kaiser-Meyer-Olkin (KMO) өлшемі факторлық талдауға жарамдылықты бағалау үшін қолданылды. Нәтижелерге сәйкес, жалпы KMO мәні = 0.905, бұл деректердің факторлық талдау үшін өте жоғары жарамдылық деңгейінде екенін көрсетеді (Kaiser, 1974). Бұл көрсеткіш 0.9-дан жоғары болғандықтан, «керемет» деңгей ретінде сипатталады.

Ал жекелеген айнымалылар бойынша MSA (Measure of Sampling Adequacy) көрсеткіштері де жоғары болып шықты. Барлық 25 сұрақ бойынша көрсеткіштер Q3 (0.878) және Q18 (0.841) мәндерінен бастап, Q21 (0.952) және Q20 (0.953) аралығында өзгерді. Яғни бұл көрсеткіштер барлық сұрақтардың ортақ фактор моделіне енуге жеткілікті екенін білдіреді.

Нәтижелер жиналған деректердің факторлық құрылымын зерттеу үшін сенімді және жарамды екенін, және алынған көрсеткіштер негізінде факторлық модель құрудың орынды екенін дәлелдейді (3-ші кесте).

3-ші кесте. Bartlett's Sphericity Test нәтижелері

Bartlett's Test		
X^2	df	p
3957.046	300.000	< .001

Зерттеу мақсатына сәйкес факторлық талдауға жарамдылықты бағалау үшін Bartlett's Test of Sphericity жүргізілді. Алынған нәтижелер бұл тесттің статистикалық жағынан мәнді екенін көрсетті:


$$\chi^2(300) = 3957.046, p < .001.$$

Бұл дегеніміз, корреляциялық матрицада бірлік матрицаға қарағанда айтарлықтай айырмашылық бар және деректер арасында жеткілікті корреляция бар екенін айқындады. Сондықтан факторлық талдау жүргізуге толыққанды негіз бар. Нәтижелер Kaiser-Meyer-Olkin (KMO) тестінің жоғары нәтижелерімен қатар, зерттеу құралының жарамдылығын растады.

4-ші кесте. Модель сәйкестігін бағалау (Chi-squared Test)

Chi-squared Test			
	Value	df	p
Model	1220.370		< .001

Растайтын факторлық талдау нәтижелері бойынша модельдің сәйкестік дәрежесі $\chi^2(275) = 1220.370$, $p < .001$ болып анықталды. Бұл көрсеткіш модель мен эмпирикалық мәліметтер арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін білдірді.



1-ші сурет. Parallel Analysis (параллельді талдау) нәтижесінің
скри-плот (Scree Plot) графигі

Параллельді талдау нәтижелері бойынша бір ғана фактордың мәні (eigenvalue) кездейсоқ деректерден алынған мәндерден айтарлықтай жоғары болды. Скри-плотта нақты деректер мен симуляцияланған деректердің қиылысу нүктесі бірінші фактордан кейін орын алады, бұл факторлық құрылымның бір өлшемділігін (unidimensionality) растады. Мұндай нәтиже зерттеуге енгізілген 25 сұрақтың барлығы ортақ бір конструктты – студенттердің қазақ прозасындағы нарратив құрылымдарға қатынасын өлшейтінін білдіреді.

Жүргізілген әртүрлі факторлық талдау көрсеткіштері – Kaiser-Meyer-Olkin (KMO), Bartlett's Test, Chi-squared Test және параллельді талдау нәтижелері – бір-бірін толықтырып, зерттеуге қолданылған құралдың жоғары ішкі біртұтастығын және құрылымдық жарамдылығын дәлелдеді. Бір факторлы модельдің басым болуы білім алушылардың қазақ прозасындағы нарратив құрылымдарды қабылдауының ортақ когнитивтік, көңіл-күйлік өлшемі бар екенін көрсетті. Шыққан нәтиже болашақта білім беру үдерісінде көркем мәтінді талдау мен қабылдау механизмдерін түсіндіруде нарратологиялық әдістерді пайдаланудың өзектілігін айқындайды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ прозасындағы нарратив құрылымдардың білім алушылардың әдеби қабылдауына айтарлықтай әсер ететінін нақты көрсетті. Жазушы Сәкен Сыбанбайдың шығармалары негізінде алынған деректер арқылы студенттердің көркем мәтінді құрылымдық тұрғыда оңай меңгеретіні, кейіпкерлермен эмоциялық байланыс орната

алатыны, әдеби шығармаларға қызығушылығы артып, оқуға деген мотивациясы күшейетіні анықталды.

JASP статистикалық бағдарламасы арқылы жүргізілген факторлық талдау нәтижелері – Kaiser-Meyer-Olkin (KMO), Bartlett's Test, Chi-squared Test және параллельді талдау – зерттеуге қолданылған құралдың жоғары сенімділігі мен жарамдылығын дәлелдеді. Аталған 25 сұрақтың барлығы біртұтас өлшем ретінде студенттердің нарратив құрылымдарды қабылдауын сипаттайтыны нақты анықталды. Бұл бір өлшемділік моделі болашақта нарратологияны білім беру үдерісіне енгізу арқылы білім алушылардың когнитивтік және эмоциялық қабылдауын арттыруға болатынын көрсетті.

Сонымен қатар, зерттеу қазақ прозасындағы нарратив құрылымдардың тек көркемдік элемент емес, білім беру мен тұлғалық дамуға ықпал ететін тиімді құрал екенін дәлелдеді. Демек, заманауи әдеби білім беру барысында нарратологиялық әдістерді қолдану – білім алушылардың әдебиетке деген қызығушылығын оятудың, көркем мәтінді терең түсінудің және танымдық әлеуетті дамытудың маңызды тетігі ретінде қарастырылуы қажет.

Әдебиеттер

Genette G. Narrative Discourse: An Essay in Method. – Ithaca, NY: Cornell University Press, 1980. – 285 p.

Ricoeur P. Time and Narrative. Vol. 1 / Trans. by K. McLaughlin & D. Pellauer. – Chicago: University of Chicago Press, 1984. – 338 p.

Bal M. Narratology: Introduction to the Theory of Narrative. 2nd ed. – Toronto: University of Toronto Press, 1997. – 402 p. Қолжетімді: URL: https://archive.org/details/narratologyintro0000balm_z4m0 [Кітапқа қол жеткізу 14.06.2025].

Tomashevsky B.V. Literature and Biography (1923) // Biography in Theory: Key Texts with Commentaries / ред. W. Hemecker, E. Saunders. – Berlin: De Gruyter, 2017. – Б. 83–90.

Schmid W. Narratology: An Introduction. – Berlin: De Gruyter, 2010. – 296 б.

Labov W. Language in the Inner City: Studies in the Black English Vernacular. – Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 1972. – 384 б.

Harris Z.S. Discourse analysis // The Discourse Studies Reader: Main Currents in Theory and Analysis / eds. J. Angermuller, D. Maingueneau, R. Wodak. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 2014. – P. 37–40.

Davis M.P., Portolan L. Narrative inquiry // Elsevier eBooks. – 2023. – P. 123–130.

Radbil T.B. Communicative and cognitive foundations of the narration theory in the modern humanities // Коммуникативные исследования. – 2017. – №1. – С. 23–35.

Lee Y.-W., Kang S., Yoon H. C., Kang G. H., Lee J. W. Establishing theoretical foundation for narrative assessment in English language teaching // Yeongmi Munhag Gyoyug. – 2023. – Vol. 27, №3.

Altybayeva S. The narrative models of the modern Kazakh historical novel // Respectus Philologicus. – 2012. – №27.

Лейменова К.М. The use of folklore motifs and plots in the works of Kazakh writers of the 60–80s of the twentieth century (on the example of the novels of A.Kekilbayeva and S. Sanbayeva) // Вестник науки / Bulletin of Science. – 2023. – Т. 4. – № 59. – С. 103-109.

Sametova Z., Naimanbayev A. “Mutylgan” is the First Example of the Kazakh Metanovel Genre // Хабаршы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Филология сериясы. – 2024. – №196(4).

Bysengaly Z.Q., Xie W. The rise of the Novel in Kazakh literature // Хабаршы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Филология сериясы. – 2022. – №185(1).

Жаркынбекова Ш.К., Анищенко, О.А., & Логинова М.В. Лингвокультурный типаж казахстанского студента сквозь призму нарратива // Вестник Санкт-Петербургского университета. Язык и литература. №20(4). – (2024). – С. 788-802.

Gizdatov G. Media of the Kazakhstan diaspora: institutional format and narratives // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Социальные науки. – 2024. – Т. 24, № 2. – С. 81–86.

Жаксыбергенова Т. Теория литературных родов и жанров в романтизме в казахской литературе // Slavia Iuvenum. – 2023. – Т. 24. – С. 367-374.

References

Genette G. Narrative Discourse: An Essay in Method. – Ithaca, NY: Cornell University Press, 1980. – 285 p.

Ricoeur P. Time and Narrative. Vol. 1 / Trans. by K. McLaughlin & D. Pellauer. – Chicago: University of Chicago Press, 1984. – 338 p.

Bal M. Narratology: Introduction to the Theory of Narrative. 2nd ed. – Toronto: University of Toronto Press, 1997. – 402 p. Qoljetımdı: URL: https://archive.org/details/narratologyintro0000balm_z4m0 [Kıtapqa qol jetkızu 14.06.2025].

Tomashevsky B. V. Literature and Biography (1923) // Biography in Theory: Key Texts with Commentaries / red. W. Hemecker, E. Saunders. – Berlin: De Gruyter, 2017. – B. 83–90.

Schmid W. Narratology: An Introduction. – Berlin: De Gruyter, 2010. – 296 b.

Labov W. Language in the Inner City: Studies in the Black English Vernacular. – Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 1972. – 384 b.

Harris Z. S. Discourse analysis // The Discourse Studies Reader: Main Currents in Theory and Analysis / eds. J. Angermuller, D. Maingueneau, R. Wodak. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 2014. – P. 37–40.

Davis M. P., Portolan L. Narrative inquiry // Elsevier eBooks. – 2023. – P. 123–130.

Radbil T. B. Communicative and cognitive foundations of the narration theory in the modern humanities // Komunikativnye issledovania. – 2017. – №1. – S. 23–35.

Lee Y.-W., Kang S., Yoon H. C., Kang G. H., Lee J. W. Establishing theoretical foundation for narrative assessment in English language teaching // Yeongmi Munhag Gyoyug. – 2023. – Vol. 27, №3.

Altybayeva S. The narrative models of the modern Kazakh historical novel // Respectus Philologicus. – 2012. – №27.

Leimenova K.M. The use of folklore motifs and plots in the works of Kazakh writers of the 60–80s of the twentieth century (on the example of the novels of A.Kekilbayeva and S. Sanbayeva) // Vestnik nauki / Bulletin of Science. – 2023. – T. 4. – № 59. – S. 103-109.

Sametova Z., Naimanbayev A. “Mutylgan” is the First Example of the Kazakh Metanovel Genre // Habarşy – Äl-Farabi atyndağy Qazaq ūlttyq universitetı. Filologia seriasy. – 2024. – №196(4).

Bysengaly Z.Q., Xie W. The rise of the Novel in Kazakh literature // Habarşy – Äl-Farabi atyndağy Qazaq ūlttyq universitetı. Filologia seriasy. – 2022. – №185(1).

Jarkynbekova S.K., Anithsenko O.A., Loginova M.V. Lingvokülturnyi tipaj kazahstanskogo studenta skvöz prizmu narrativa // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. İazyk i literatura. №20(4). – (2024). – S. 788-802. [In Russian]

Gizdatov G. Media of the Kazakhstan diaspora: institutional format and narratives // Vestnik İujno-Urälskogo gosudarstvennogo universiteta. Seria: Sosiälnye nauki. – 2024. – T. 24, № 2. – S. 81–86.

Jaksybergenova T. Teoria literaturnyh rodov i janrov v romantizme v kazahskoi literature // Slavia Iuvenum. – 2023. – T. 24. – S. 367-374. [In Russian]

S.A. Zhuzeyev[a]
E-mail: serik_juzeev@mail.ru

A.E. Aitbayeva[a]
E-mail: aiman_aitbaeva@mail.ru

G.S. Askarova[b]
E-mail: gauhar_8@mail.ru

[a]*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*
[b]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

EMPIRICAL ANALYSIS OF THE IMPACT OF NARRATIVE STRUCTURES IN KAZAKH PROSE ON STUDENTS' PERCEPTION

Annotation. This article presents an empirical analysis of the influence of narrative structures in contemporary Kazakh prose on the literary perception of university students. A questionnaire based on the works of writer Säken Sybanbay — "Love on the Internet" and "How Sweet You Were, Life!" — was administered to 108 students enrolled in the "Kazakh Language and Literature and Journalism" program at Korkyt Ata Kyzylorda University. The study examined key factors such as understanding the structure of literary texts, establishing emotional connections with characters, interest in reading, and learning motivation. Data were collected and analyzed using the JASP statistical program. Factor analysis results showed that all 25 items loaded onto a single factor, confirming the unidimensionality of the construct being measured. High Kaiser-Meyer-Olkin (KMO = 0.905) and Bartlett's Test ($\chi^2(300) = 3957.046$, $p < .001$) values supported the validity of the survey instrument. The scree plot and parallel analysis revealed the dominance of a single-factor structure. These findings highlight the importance of integrating narratological approaches into literary education and demonstrate their effectiveness in enhancing students' cognitive and emotional perception.

Keywords: Kazakh prose, narrative structure, student perception, factor analysis, emotional perception, reading interest, literary education.

For citation: Zhuzeyev S.A., Aitbayeva A.E., Askarova G.S. Empirical analysis of the impact of narrative structures in kazakh prose on students' perception // Philological Sciences Journal. – 2026. – Vol. 15. – №3. – С. 34-45.

DOI https://doi.org/10.52081/PhSJ.2026.v15.i3.084

С.А. Жузеев[a]
E-mail: serik_juzeev@mail.ru

А.Е. Айтбаева[a]
E-mail: aiman_aitbaeva@mail.ru

Г.С. Аскарова[b]
E-mail: gauhar_8@mail.ru

[a]*Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан*
[b]*Казахский национальный университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

ЭМПИРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ВОЗДЕЙСТВИЯ НАРРАТИВНЫХ СТРУКТУР КАЗАХСКОЙ ПРОЗЫ НА ВОСПРИЯТИЕ СТУДЕНТОВ

Аннотация. В статье эмпирически анализируется влияние нарративных структур современной казахской прозы на литературное восприятие студентов высшего учебного заведения. На основе произведений писателя Сәкена Сыбанбая «Любовь в интернете» и «Какая же ты была сладкая, жизнь!» было проведено анкетирование среди 108 студентов образовательной программы «Казахский язык и литература и журналистика» Кызылординского университета имени Коркыт Ата.

В ходе исследования охвачены такие ключевые факторы, как понимание структуры художественного текста, установление эмоциональной связи с персонажем, интерес к чтению и мотивация к обучению. Сбор и обработка данных осуществлялись с помощью статистической программы JASP. По результатам факторного анализа все 25 вопросов сгруппировались в один фактор, что подтвердило целостность измеряемой конструкции. Высокие значения коэффициента пригодности Kaiser-Meyer-Olkin (KMO = 0.905) и Bartlett's Test ($\chi^2(300) = 3957.046$, $p < .001$) подтвердили валидность инструмента анкетирования. Scree-plot и параллельный анализ выявили доминирование однофакторной структуры. Полученные результаты подчеркивают значимость внедрения нарратологических подходов в процесс литературного образования и демонстрируют их эффективность в развитии когнитивного и эмоционального восприятия у студентов.

Ключевые слова: казахская проза, нарративная структура, восприятие студентов, факторный анализ, эмоциональное восприятие, интерес к чтению, литературное образование.

Для цитирования: Жузеев С.А., Айтбаева, Аскарова Г.С. Эмпирический анализ воздействия нарративных структур казахской прозы на восприятие студентов // Philological Sciences Journal. – 2026. – Vol. 15. – №3. – С. 34-45.

DOI https://doi.org/10.52081/PhSJ.2026.v15.i3.084

Авторлар туралы мәлімет:

Жүзеев Серікхан Әлханұлы, философия докторы (PhD), Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, Қызылорда, Айтеке би к., 29А, Қазақстан Республикасы

ORCID 0000-0002-6552-9584

Айтбаева Айман Ералықызы, филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, Қызылорда, Айтеке би к., 29А, Қазақстан Республикасы

ORCID 0000-0003-2346-3211

Асқарова Гауһар Сарыбайқызы, филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессор м.а., Алматы, Достық даңғылы, 13, Қазақстан Республикасы
ORCID 0000-0002-0688-4850

Information about the authors:
*Zhuzeyev Serikkhan***,** Doctor of philosophy (Ph.D), Senior Lecturer at Korkyt Ata Kyzylorda University, Aiteke Bi St., 29A, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan
ORCID 0000-0002-6552-9584

*Aitbaeva Aiman***,** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Korkyt Ata Kyzylorda University, Aiteke Bi St., 29A, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan
ORCID 0000-0003-2346-3211

*Gaukhar Askarova Sarybayevna***,** Candidate of philological sciences, acting associate professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
ORCID 0000-0002-0688-4850

Сведения об авторах:
*Жузеев Серикхан Альханович***,** доктор философии (PhD), старший преподаватель Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, ул. Айтеке Би, 29А, Республика Казахстан
ORCID 0000-0002-6552-9584

*Айтбаева Айман Ералиевна***,** кандидат филологических наук, доцент Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, ул. Айтеке Би, 29А, Республика Казахстан
ORCID 0000-0003-2346-3211

Аскарова Гаухар Сарыбаевна, кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, проспект Достык, 13, Республика Казахстан
ORCID 0000-0002-0688-4850

The article was submitted on 29.08.2026; approved after reviewing on 02.09.2026; accepted for publication on 10.09.2026
Мақала редакцияға 29.08.2026 ж. келіп түсті; 02.09.2026 ж. рецензиядан кейін мақұлданды; 10.09.2026 ж. баспаға қабылданды.
Статья поступила в редакцию 29.08.2026г.; одобрена после рецензирования 02.09.2026 г.; принята к публикации 10.09.2026.